

ЖАҚСЫЛЫҚ ЕРНҮР

Жақсылық Ернұр Саматұлы – көрікті келбетімен, халқының қонақжайлылығы, бауырмалдығымен ерекшеленетін, бүгінгі күнгі мегаполисті қала Шымкент шаһарының ұланы. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Білімсіз адам – білгесіз шаммен тең» деген еді. Сондықтан, білімсіз болсаң, қоғамда прогресс, жана бағытқа қарай өрлеу мүмкін емес. Қазіргі уақыт – адамзат биігін ғылым, техника, ой ұшқырлығымен, біліктілікпен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындырауға ден қоюда. Солардың қатарында 2012 жылы 6 қаңтарда Шымкент қаласында өмір есігін ашқан Жақсылық Ернұр Саматұлы да ержетіп келеді. Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тұран шағын ауданының жас тұрғыны – қазіргі уақытта 4 «Ә» сынып оқушысы. Үздік оқушы. Жас, талантты шахматшы. Бес жасынан шахмат үйіресіне барған. Бірнеше аудандық, қалалық, облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы. Алтын, күміс, қола медальдарының иегері. Дана қазақ «Асылдан асыл туады» деген емес пе?! Көпбалалы отбасының перзенті Ернұр – жанұясының мақтаншы.

Азаматтық бойындағы алами асыл қасиеттері ата-анасынан дарығаны шындық. Өмірдің ащы-тұщысына шыныққан, табан ет, маңдай терімен елге танылған әкесі Ахаев Самат Жақсылықұлы – отандық кәсіпкерліктің дамуына атсалысып жүрген жеке кәсіп иесі. Асыл анасы Досмирзаева Жанар Жамалқызы – сарапшы-дәрігер. Арқа тұтар ағасы Бекназар – 7-сынып оқушысы. Соңынан ерген арыстандай батыл інілері: Бекнұр – 1-сынып оқушысы болса, Мансұр – екі жасқа қадам басты. Жақсылық Ернұр: «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Көп жасау – деннің саулығы, ал бақытты болу – адамның өз қолындағы ісі» деген ұлы тұлға А.М.Кирхенштейннің өмірлік қағидасын басшылыққа алады. Бос уақытында салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысады.

Жетістіктері:

- ◆ «Еңбекші» ЖББОМ МАД «А» сыныбын «үздік оқығаны үшін» Мадақтама иегері;
- ◆ «Өте жақсы оқығаны үшін» Мақтау қағаздары;
- ◆ Intolimp.kz оқу-әдістемелік орталығының қолдауымен ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауына




қатысып, «ӨЗ ОЙЫМ» атты шығармашылық байқауында даралығын көрсетіп, ерекше өнерімен «Үздік» деп танылған I дәрежелі Диплом жеңімпазы;

- ◆ «Еңбекші» елді мекенінде өткен «Наурыз-2017» кубогінде ерекше ойын үлгісін көрсеткені үшін Мадақтама иегері;
- ◆ Жасөспірімдер арасында классикалық шахматтан Жаная Абдумалик мектебінің күзгі ашық біріншілігіне қатысқаны туралы Сертификаты және көктемгі ашық біріншілігінің II орын Грамота жеңімпазы;
- ◆ Жасөспірімдер арасында Классикалық шахматтан ОҚО, Қазығұрт ауданы демалыс күнінің лигасы I кезеңінде III орын Мадақтама жүлдегері;
- ◆ Балалар мен жасөспірімдердің дене даярлығы клубтарына қатысушы оқушылар арасында шахматтан II орын Диплом жеңімпазы;
- ◆ Астана» спорт сауықтыру кешені. Түркістан облысының «Түркістан» Шахмат Федерациясы» қоғамдық бірлестігі Президентінің ашық кубогі I кезеңінде II орын Грамота иегері;
- ◆ Классикалық шахматтан «Түркістан OPEN-2018» ашық турнирінің II орын Мадақтама иегері;
- ◆ «Спорт – діни экстремизмге және терроризмге қарсы» ұранымен шахматтан сегіз жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен облыстық ашық біріншіліктің III орын Диплом жүлдегері;
- ◆ Жасөспірімдер арасында шахматтан ҚР Тәуелсіздік күніне арналған облыстық турнирдің II орын Грамота жеңімпазы;

Сүйікті ісі: Ән салып, би билеу; бокспен шұғылдану; таза ауада серуендеп, велосипед тебу; кітап оқу; ата-анасына қолғабыс жасау.

Арманы: Еліне елеулі, халқына қалаулы азамат атанып, ел басқару ісінде өзінің азаматтық тұлғасын қалыптастыру, туған ұлтына адал қызмет ету.



Сатай Сабина

Сатай Сабина – екі жасында 42 әріпті жаттап, төрт жасында әліппені терең меңгерген дарабоз. Өз қатарластарынан ерекше қабілетімен дараланған білімпаз. Алты жасында тест тапсыру арқылы білімін сынап, сәтті өтіп, үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 мектеп-гимназиясының оқушысы атанған.

Сатай Сабина 2011 жылы 14 сәуір күні мегаполисті қала Шымкент шаһарында өмірге келген талантты балауса. Бақытты балалық шағы, алғашқы танымдық қабілеті 2013-2017 жылдар аралығында «Инжу-Маржан» балабақшасы қабырғасында өтті. Достарымен ән салып, би биледі. Түрлі ертеңгіліктерде жаңаша қырымен танылды. 2017-2019 жылдар аралығында М.Х.Дулати атындағы үш тілде білім беретін мамандандырылған мектеп-гимназияда білім алған зерек шәкірт – бұл күнде «TURAN» мектебінің үздік оқушысы. Мектеп мақтанышы.

«Жаксы жандарға жақын жүр, солардың бірі бола-сың» деген ұлы ойшыл Хазірет Әлидің даналық ойын перзенті бойына дарытып келе жатқан аяулы анасы Баймусаева Айкен Батырханқызы – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистрі, аға оқытушы.

Адамзатты бір-бірімен теңестіретін де, бір-бірінен ерекшелендіретін де – білім. Расында, адам баласы – білімімен дана, ақылының күшімен кемеңгер. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек» деп ұлы ақын Абай Құнанбаев өзінің отыз екінші кара сөзінде айтқандай, алдымен, ақылмен азықтанып, білім бәсекесіне аттанған білімқұмар Сабина – білім мен спорт аламында бәсекеге қабілетті дарынды жас.

Жетістіктері:

- ◆ Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонының жүлдегері, 2017 жыл;
- ◆ Международный конкурс «Познайка» от проекта «Уроки начальной школы» по Русскому языку I-место, 2018 г.;
- ◆ «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысынан I орын жеңімпазы, 2019 жыл;
- ◆ «ALTYN QYRAN – ерекше дарын иесі» зияткерлік олимпиадасында II орын Диплом жүлдегері, 2019 жыл;
- ◆ «Кенгуру» математика пәні олимпиадасының I дәрежелі Диплом жеңімпазы, 2020 жыл;
- ◆ Шымкент қалалық бастауыш сыныптар арасында Шахмат жарысының II орын жүлдегері, 2021 жыл.

Сүйікті ісі: Көркем кітаптар оқу, сурет салу, ән салу, би билеу. Көркем гимнастикамен айналысу. Тәтті тоқаштар пісіру.

Арманы: Назарбаев Зияткерлік мектебінде оқып, мектепті үздік аяқтап, әлемдегі ең үздік медициналық ЖОО-ның бірінде студент болу. Болашақта әлемдік деңгейдегі ең мықты, білікті хирург атанып, ауру жанның дертіне шипа болу.

